

Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады

Пауылдың таңғаларлық саяхаты



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Janie Forest
Alastair Paterson

Бейімдеген: Ruth Klassen


Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

1

Пауыл мен Сыйлас, Исаның қызметшілері, түрмеде жатты. Жоқ, олар жаман ешнәрсе істеген жоқ: олар тек әйелдің бойындағы жынды қуып шықты. Олар Філіпіде тұратын жалған тәңірлерге табынушыларға шынайы Құдай мен Оның Ұлы Иса Мәсіхтің күшін көрсетті. Сол үшін оларды тұтқындап, дүрелеп, түрмеге қамап тастады.




2




Сіздер Пауыл мен Сыйлас ашуланып ызаға булықты деп күткен боларсыздар. Бірақ солай болмады. Шын мәнісінде түн ортасында олар Құдайды мадақтау жырларын айтып дәріштеді! Ал қалған тұтқындар мен түрме бастығы оларға құлақ түріп тындап жатты.

3




Кенет ән тоқтап қалды. Құдай түрмені сілкінту үшін ЖЕРДІ СІЛКІНДІРДІ. Барлық есіктер ашылып қалды. Барлық бұғаулар үзіліп қалды.

4




Ойбай! Түрме бастығы барлық тұтқындардың қашып кеткендеріне сенімді болды. Егер біреуі қашып кететін болса, ол өліммен жазланады. Өкінішке орай, байғұс түрме бастығы өзінің қылышын суырып алған. Дәл осылайолөзін-өзі өлтіріп қана осы сұмдықты аяқтай алады.

5



Бірақ Пауыл айғай салды: «Өзіңе зиян келтірме, өйткені біз бәріміз мұндамыз». Түрме бастығы мұны көрген кезде: «Мырзалар, құтқарылуым үшін менің не істеуім керек», – деді. Сондықтан олар: «Иеміз Исаға сен, сонда өзін де, үй ішін де құтқарыласыңдар», – деді. Бақытына орай, түрме бастығы Иеміз Исаға сенім артты.

6



Келесі күні Пауыл мен Сыйлас басқа қалаларға аттанды, адамдарға Иса туралы айта жүрді. Кейбір адамдар сенді, басқалар оларға зардап шектіруге тырысты. Бірақ Құдай Өзінің қызметкерлерімен бірге болды. Бір күні кешке Пауыл бірнеше сағат бойы уағыздады. Ашық терезенің алдында отырған жас жігіт ұйықтап кетті. Не болғанын түсінген боларсыз?

7




Жас жігіттің өліп қалғанын бәрі білді. Бірақ Пауыл төмен түсіп: «Оның өмірі өзінде», – деп оны құшақтады. Олар жас жігітті тірі күйінде алып келді, олар өте бақытты еді.

8

Пауыл мен Сыйлас Еуропада саяхаттап жүргенде, олардың бастарынан көптеген оқиғалар өтті. Пауыл бастан кешкен ең үлкен шытырман оқиға кемеді болған кезде өтті. Бұл құрыштан жасалған мұхит кемелері емес, дауылды ауа райында қанбақтай ұшып кететін желкенді қайық болатын.




9



Пауыл кемеді болды, себебі оны қайтадан тұтқындаған еді. Енді ол әлемнің астанасы Римде императордың алдында тұру керек болды. Қатты жел кеменің қозғалысын баяулатты. Алдыңғы жақта дауылды жел соғып тұрған болса керек. Бұл, Пауыл мен басқа тұтқындар, сондай-ақ команда үшін ауыр саяхат еді.


10

«Адамдар, бұл саяхат апатпен аяқталайын деп тұрғанын сезем», –деп ескертті Пауыл. Кеме басшысы тындамады. Олар ашық теңізге шықты. Қатты дауылға душар болған кезде, олар кемені қирап қалудан сақтауға үміттеніп, оны арқанмен байлады. Егер кеме қирап қалса, онда ол барлығы үшін сулы қабір болады.



11

Қайықтың қатты шайқалғаны соншалық, кеме басшысы бәріне оны жеңілдетуге көмектесуге бұйырды. Үшінші күні олар кемедегі заттарды суға лақтырды. Мүмкін бұл көмектесер еді.



12

Түнде періште Пауылдың қасында тұрып, бәрі жақсы болатынын айтты. Пауыл басқаларға: «Батыл болындар, адамдар, өйткені бәрі де өзіме айтылғандай болады деп Құдайға сенем. Алайда біз белгілі бір аралда қайраңға отырып қалу керекпіз», –деген кезде адамдар серпіліп сала берді.




13

Бірнеше күннен кейін қайық Мальта аралына жақын жерде қирап қалды. Ол тасты қайраңға соғылып, бытшыты шығып сынып кетті. Кеме басшысы жүзе алатындар теңізге секіріп түсіп, құрлыққа жетіп алуға бұйырды. Қалғандары да кейбіреулері тақтайларға, ал кейбіреулері кеменің сынықтарына жармасып аман-есен құтқарылды.



14

Мальтада Құдай Өзінің күдіретін көрсетті. Олар әлі де от жағу үшін отын жинап жүрген кезде, Пауылды бір улы жылан шағып алған. Адамдар оны өліп қалады деп ойлады. Алайда жыланның шағуы еш зиян келтірмеді. Сонда адамдар Пауылды құдай екен деп ойлады. Көптеген ауру адамдар келді, ал Пауыл олар үшін сиынған кезде, Құдай оларды сауықтырды.



15


Ақырында Пауыл Римге келді. Оның сот ісі қаралу үшін бақандай екі жыл керек болды. Осы уақыт аралығында Пауыл үй жалдап, өзіне келген адамдарды қабылдады. Пауыл өзіне келушілерге не айтқанын сіз білесіз бе? Құдай Патшалығы туралы! Иеміз Иса Мәсіх туралы! Пауыл Римде де басқа да өзінің саяхаттарындағыдай Құдайдың қызметшісі болды.



16

«Мен шынайы күрес жүргіздім, мен мәреге жеттім, сенімімді сақтап қалдым». –деп жазды Пауыл Римде. Киелі кітап бізге оның өмірі қалай аяқталғанын айтпайды, алайда басқа жазбаларда император Неронның бұйрығымен Пауылдың басы алынғаны айтылады.

Пауыл қалай өмір сүрсе, солай қайтыс болды: басқаларға Иса Мәсіх туралы айтушы Құдайдың адал қызметшісі.



17

Пауылдың таңғаларлық саяхаты

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Елшілердің істері 16, 27, 28

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

18

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

20

Соңы

59



60

19